



# БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ ПАСПОРТЫ

- 7M01601 – Цифрлық тарих: тарихи білім берудегі технологиялар

<b>БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ МАҚСАТЫ</b>	Тарих ғылымдары мен білім саласында терең білімі бар және бәсекеге қабілетті білім беру ортасында академиялық стандарттарға сәйкес цифрлық технологияларды еркін меңгерген маман даярлау
<b>КӘСІБИ ҚЫЗМЕТ САЛАСЫ</b>	Білім беру және тәрбиелеу, сонымен қатар ғылыми қызмет, білім берумен байланысты мемлекеттік реттеу

## ОҚУ НӘТИЖЕЛЕРІ (ОН)

ОН 1 - педагогика мен психологияның ең соңғы жетістіктерін, жоғары оқу орнында заманауи оқыту технологияларын, студенттік психологияны *талдайды*; тәлімгердің жетекшілігімен мақсатына сәйкес оқылатын пәннің мазмұнын анықтайды және оқытудың формаларын, әдістерін және құралдарын таңдайды;

ОН 2 — жоғары әлеуметтік және ұлттық құндылықтарға, гуманистік педагогика идеяларына адалдығын көрсетеді; өзін-өзі позитивті бағалауды қалыптастырады, тілдерді, мемлекеттік және азаматтық бірегейлікті және тілдік толеранттылықты дамытуға ықпал етеді;

ОН 3— жалпы және отандық тарих саласында тәуелсіз жоғары сапалы ғылыми зерттеулерді жүзеге асыру үшін қажет тарихи материалдарға тарихнамалық және деректанулық талдау жүргізеді;

ОН 4 — тарихи және ғылыми білімнің, оның ішінде пәнаралық саладағы даму тенденцияларын сыни тұрғыдан талдайды және бағалайды;

ОН 5 — белгілі бір кезеңге қатысты қазақстандық және шетелдік тарих ғылымының теориялық және әдістемелік жетістіктерін пайдалана отырып, макро және микро тарих проблемаларын, оның ішінде жоғары кәсіби білімнің әлемдік тенденцияларымен байланысты кешенді зерттеулерді іске асырады;

## ОҚУ НӘТИЖЕЛЕРІ (ОН)

ОН 6 — көптілді, көп мәдениетті ортада оқытуда жаңа ақпараттық технологиялар мен сандық платформаларды қолданады;

ОН 7 - мәліметтер базасымен және ақпараттық жүйелермен жұмыс жасайды; тарихи ақпараттарды тарихи және мәдени құбылыстың немесе оқиғаның виртуалды сандық өнімін жасау үшін түрлендіреді;

ОН 8 — аналитикалық ресурстарды нақты тарихи зерттеулердің міндеттеріне бейімдейді;

ОН 9 — нақты білім беру мәселелерін шешуге арналған бағдарламалық жасақтаманы таңдайды және бағалайды; тарихи ақпараттармен жұмыс істеуге арналған бағдарламалар мен құралдарды біледі; цифрлық тарих саласындағы ірі жобаларды қолданады;

ОН 10 — электрондық ақпараттық ресурстар мен сандық көздердің іздеу мүмкіндіктерін қолданады, электрондық мұрағаттардан, мұражайлар мен кітапханалардан, библиографиялық жүйелерден және мәліметтер базасынан деректерді пайдаланады;

ОН 11 — дереккөздердің электронды жарияланымдарын құрудың әдістері мен технологияларын қолданады, ғылыми семинарларда, конференцияларда өз тұжырымдары мен қорытындыларын ұсынады, білім шегін кеңейтеді; халықаралық қатынас машығын қалыптастырады.